

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ
«Цифрлық сауаттылық: ақпараттық технологиялар
негіздері және оларды қолдану» атты педагогтердің біліктілігін
арттыру курсының білім беру бағдарламасына

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Цифрлық сауаттылық: ақпараттық технологиялар негіздері және оларды қолдану» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкес әзірленген.

Бағдарлама мынадай бөлімдерді қамтиды: жалпы ережелер; глоссарий; бағдарлама тақырыбы; бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері; бағдарламаның құрылымы мен мазмұны; оқу процесін ұйымдастыру; бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету; оқу нәтижелерін бағалау; курстан кейінгі қолдау; негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

Бағдарламаның өзектілігі білім беру ұйымдарының педагог кадрларының цифрлық сауаттылықты дамыту үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгеруге бағытталған. Педагогтер цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында үздіксіз білім алу мен тәжірибе жинақтауды жүзеге асырып, өз кәсіби даму деңгейін жоғарылатады. Курс білім беру үдерісін цифрландыруға және жекелендіруге жаңа мүмкіндіктер ашып, педагогтерді қазіргі заман талаптарына сәйкес даярлайды.

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1. Цифрлық сауаттылық негіздері.
2. Ақпараттық технологиялар және олардың білім беру процесіндегі қолданылуы.
3. Цифрлық оқыту құралдары мен әдістемелер және цифрлық құралдарды оқытуда тиімді қолдану.
4. Цифрлық сауаттылықты дамыту мен жаңашыл әдістемелер. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру және үздіксіз білім алу.
5. Курс нәтижелерін бағалау және қолдану.

Модуль тақырыптары заманауи ақпараттық технологияларды оқу процесінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Сараптамалық қорытынды:

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының басшылары және басшы орынбасарларына арналған «Цифрлық сауаттылық: ақпараттық технологиялар негіздері және оларды қолдану» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасымен келісу (негіздеме: 30.12.2023 ж. №55 хаттама)

Сараптама кеңес мүшесі